



Автор: МҰҚАНОВА АЙЖАНАТ БЕКБОЛҚЫЗЫ

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау

Тақырып: Жануарлардың сипаты Қайнекей Жармағамбетов «Дуадақ»

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.6.1 Кейіпкерлердің мінез- құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстыру. 4.3.2.1 Таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, бес жолды өлең жазу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Мәтін кейіпкерлерінің мінез-құлықтарының өзгеру себептерін табады, салыстырады. Көптеген оқушылар: Мәтінге жаңа кейіпкер қосып, «Дуадаққа» бес жолды өлең құрастырады. Кейбір оқушылар: Тірек сөздерді пайдаланып «Дуадақ» туралы өлең шығарады.
Бағалау критерийлері:	1.Мәтінді оқып, кейіпкерлерді тауып, мінез- құлқының өзгеру себептерін табады, салыстырады. 2. Мәтінге кейіпкер қосады, «Дуадақ» туралы бес жолды өлең құрастыра алады.
Құндылықтарды дарыту:	Жан- жануарларды, құстарды қорғауға баулу «Суреттер сөйлейді» әдісі кезінде жүзеге асады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://imektep.kz/kz/game#memory_cards-722 «сергіту сәті» кезінде, рефлексия кезеңінде «Ақиқат немесе жалған» әдісін пайдалану барысында интербелсенді тақтаның қаламын қолданады.
Пәнаралық байланыс:	«Суреттер сөйлейді» әдісі жаратылыстану пәнімен байланысты
Бастапқы білім:	«Таңдап алу», «Суреттер сөйлейді» әдістері кезінде жыртқыштар мен құстар туралы білетінін еске түсіреді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	Қызығушылықты ояту: «Таңдап алу» әдісі «Құстар» тобы: Қаз балапанын қорғау үшін не істейді? «Жыртқыштар» тобы: Қасқыр бөлтірігін қорғай ма? «Жәндіктер» тобы: Құмырсқа әңгімеде жазылғандай еңбекқор ма? Дескриптор: -Қима қағаздар арқылы топқа бөлінеді. -Сұрақтарға жауап береді. Ширату ҰЖ. «Суреттер сөйлейді» әдісі Үнсіз әрі сақ жүретін құс Салмағы 4-11 кг Қауырсыны ақ, қоңыр дақтары бар Дескриптор: -Құстардың ерекшеліктерін ажыратады. -Саипатталған құсты анықтайды. -Дуақтың атын атайды. Жаңа тақырып Қайнекей Жармағамбетов «Дуадақ». Автор туралы қысқаша мәлімет беремін.	«Жыртқыштар» «Құстар» «Жәндіктер» топ атаулары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (31 минут)	БК-1 Мәтінді оқып, кейіпкерлердің мінез- құлқының өзгеру себептерін тауып, салыстырады. ЖЖЖ «Дауыстап ойлау» әдісі (Мәтінді оқыту мақсатында) Дескриптор: -Жұптаса отырып, мәтінді біреуі оқиды -Екіншісі тыңдай отырып, ой түйеді. -Бір- біріне түсіндіреді. ЖЖЖ «Бұл жауабы болса, онда сұрақ қандай болады?» әдісі (кейіпкерлердің мінез- құлқының өзгеру себептерін тапқызу мақсатында) Елсіз далада Қалбай, Бектемір келе жатты. Олар дуадақтың балапанын ұстап алды. Қалбайдың аяушылық сезімі оянды. Ашулы дуадақ рақметін айтты. -Сөйлемдерге сұрақ құрастырады Саралау: Диалог және қолдау көрсету Қолдауды қажет ететін жұптарға кейіпкерлердің мінез- құлықтарының өзгеру себептерін анықтайтын жетелеуші сұрақтармен демеймін. -Кімнің сөзінің әсерінен Қалбайдың мінезі өзгерді? -Адамдарға ашуланып тұрған дуадақ неліктен алғыс білдірді? ТЖ «Білімді қолдан» әдісі (кейіпкерлердің мінез- құлқының өзгеру себептерін салыстыру үшін) Саралау: Тапсырма бойынша саралау. Оқушылардың қабілеті бойынша ұсынымын. I топ. «Құстар» тобы: «Бірге ойлаймыз» әдісі Дескрипторы: -Дуадақтың мінез- құлқының өзгеру себебін мәтіннен табады. -Қалбайдың мінез- құлқының өзгеру себебін мәтіннен табады. -Дуадақ пен Қалбайдың мінез- құлықтарының өзгеру себептерін салыстырады. II топ. «Жыртқыштар» тобы. «Венн диаграмма»әдісі Дескриптор: -Дуадақ пен Қалбайдың мінез- құлықтарын салыстырады. -Ортақ қасиеттерін табады. III топ: «Жәндіктер» тобы «Мағынаны тану»әдісі Мекие (дуадақ) Балапанды сөмкесіне салып алды Ысылын үдетіп, бірнеше рет көтеріле ұмтылды Қалбай Аяушылық сезімі оянды Қанатын сермеп алғыс білдірді Дескриптор: -Мекиен (дуадақ) тиісті мінез- құлықты сәйкестендіреді -Қалбайға тиісті мінез- құлықты сәйкестендіреді -Дуадақ пен Қалбайдың мінез- құлықтарын салыстырады. ҚБ тапсырмасы ҮЖ «Тыңдайтын үшбұрыштар» әдісі -Мәтінде кейіпкерлерін ата -Дуадақ пен Қалбайдың мінез- құлқы қандай? -Қалбай мен дуадақтың мінез- құлқы неіктен өгерді? Дескриптор: 1- оқушы. Мәтін кейіпкерлерін атайды. 2- оқушы. Кейіпкерлердің мінез- құлқын сипаттайды. 3- оқушы. Кейіпкерлердің мінез – құлқының өзгеру себебін айтады. Бағалау. «Кім жылдам?» әдісі (Мәтінді оқып, кейіпкерлердің мінез- құлқының өзгеру себептерін табады, салыстыра алады) (Мәтінді оқып, кейіпкерлердің мінез- құлқының өзгеру себептерін табады, салыстыруда қателік жібереді) (Мәтінді оқып, кейіпкерлердің мінез- құлқының өзгеру себептерін табуда, салыстыруда қателік жібереді) Сергіту сәті«Сәйкес келетін сөздерді тап» ойыны БК-2 Мәтінге жаңа кейіпкер қосады, «Дуадақ» туралы бес жолды өлең құрастыра алады. ТЖ «Ойлан, жұптас, пікірлес!» әдісі (жаңа кейіпкер қосу мақсатында) Дескриптор: -Жеке ойланып, жаңа кейіпкер қосады. -Жұптасып кейіпкерді анықтайды. -Топта талқылап, жаңа кейіпкерді табады. -Мәтінге жаңа кейіпкер қосып, мәтінді жалғастырып жазады. ӨЖ «Синквейн»әдісі Дескриптор: - Зат есімді анықтайды.	Оқулық Карточкадағы сөйлем https://imektep.kz/kz/game#memory_cards-722 А3 форматтағы ақ парақтар, маркерлер Тірек сөздер жазылған карточка

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (2 минут)	Рефлексия «Ақиқат немесе жалған» әдісі «Дуадақ» мәтінінің авторы Қ.Жармағамбетов Дуадақ түсі қара, бауыры ақ, тұмсығы қызыл құс Қалбайдың балапанға деген аяушылық сезімі оянды Дуадақ сөзі етістіктің сұрағына жауап береді Дуадақтың салмағы 4-11 кг Қалбайдың мінезінің өзгеруіне достары себеп болды. Дескриптор: -Бірінші пікірдің ақиқат екенін анықтайды. -Екінші пікірдің жалған екенін анықтайды. -Үшінші пікірдің ақиқат екенін анықтайды. -Төртінші пікірдің жалған екенін анықтайды. -Бесінші пікірдің ақиқат екенін анықтайды. -Алтыншы пікірдің ақиқат екенін анықтайды.	пікірлер жазылған плакат
Рефлексия	Сабақтың мақсатын оқу мақсатынан алдым. Оқушылар өз мақсатына қол жеткізді. Бүгінгі сабақта оқушылар кейіпкерлердің мінез – құлқының өзгеру себептері, «Дуадақ» туралы түсінді. Сыныптағы ахуал белсенді болды. Сабақ өткізуге жоспарланған тапсырмалар өте тиімді болды. Сабаққа берілген уақытты тиімді қолдана алдым. Сабақта үш саралау жұмысын жүргіздім. «Бұл жауабы болса, онда сұрақ қандай болады?» әдісі арқылы «Диалог және қолдау көрсету» саралау жұмысын жүргіздім. «Бірге ойлаймыз» әдісі, «Венн диаграмма» әдісі, «Мағынаны тану» әдістері арқылы «Тапсырма бойынша» саралау жұмысын жүргіздім. Өйткені, әр оқушының қабілеті әр түрлі. «Қарқын бойынша саралау» барысында қарқыны тез, қолдауды аз қажет ететін оқушыларға тірек сөздерді пайдаланып өлең шығаруды ұсындым. Ал, қарқыны жәй, қолдауды көп қажет ететін оқушыларға «Синквейн» әдісінің үлгісін ұсындым. Жоспар бойынша алынған тақырыбым «Дуадақ» мәтіні толық қамтылды. Мәтінді оқу, түсіндіру сұрақ құрастыру, кейіпкерлердің мінез – құлқының өзгеру себептерін салыстыру барысында түрлі әдіс- тәсілдерді пайдаландым. Сабақ басында «Суреттер сөйлейді» әдісі бойынша тақырыпты ашу өте сәтті болды. Бірінші критерий бойынша «Бұл жауабы болса, онда сұрақ қандай болады?» әдісі өте сәтті шықты. Оқушыларды жылдамдықтарына қарай «Кім жылдам?» әдісі бойынша және «Бағдаршам» әдістері бойынша бағаладым. Дегенмен әлі де олардың қабілеттерін шыңдайтын дарынды оқушыны әрі қарай ынталандыратын , шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ететін тапсырмаларды дайындау керек екенін түсіндім.	